

БЕКІТЕМІН

І. Жансүгіров атындағы Жетісу

университетінің ректоры,

Г.Ғ.Д., профессор, қабылдау

комиссиясының төрағасы

Қ.Баймырзаев

2022 ж.



В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»

білім беру бағдарламаларының тобы бойынша

шығармашылық емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

**Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары
бойынша ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін**

Талдықорған 2022 ж

**«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша
карантин кезінде шығармашылық емтихандарды қабылдау жөніндегі
нұсқаулық**

1. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін 2022 жылғы 8-12 шілде аралығында құрамына медицина қызметкері кіретін жергілікті жерлерде пәндік комиссиялар құрылады.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 Қазанда № 17650 болып тіркелген ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес екі шығармашылық емтихан өткізу қарастырылған: 1. Мамандандыру бойынша нормативтер; 2. Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер.

3. Шығармашылық емтихандар күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, дәстүрлі түрде өткізіледі:

1) шығармашылық емтихандарды өткізу орнын әр екі сағат сайын санитарлық өңдеу;
2) комиссияның барлық мүшелері мен талапкерлер медициналық бетперде мен қолғаптарда болуы тиіс;

3) күн сайын емтихан өткізу аймағына кірген кезде тепловизормен температураны өлшеу керек. Кімде жоғары температура анықталған жағдайда, ол дереу медициналық қызметкерге жіберілуі тиіс;

4) емтихан өткізілетін орын аумағында қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылуы тиіс;

5) спорттық жабдықты пайдаланғаннан кейін ол гидрохлорид ерітіндісімен өңделуі тиіс;

6) емтихан өткізуге (нормативтерді тапсыруға) саны 20 адамнан аспайтын топта 120 минут беріледі;

7) Қабылдау комиссиясының кезекші қызметкері емтихан өткізу аймағындағы адамдар арасында 2 метр қашықтықты сақтауды қамтамасыз етеді.

Емтихан өтетін жерге және емтихан тапсырушылар тобын қалыптастыруға қойылатын талаптар:

1. Адамдардың жиналуын болдырмау және қашықтықты физикалық сақтау, медициналық бетпердені кию, шығармашылық емтихан өткізуге арналған және күту орындарында қолды дезинфекциялау.

2. Емтихан қабылдау орындарды, желдетіп отыру, талапкерлерге қатысты болуы мүмкін беттерді дезинфекциялау.

3. Кезекті тағайындауды ұйымдастыруда күту және емтихан өткізуге арналған орындарында талапкерлер арасындағы барынша қашықтықты сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

4. Күту орындарында талапкерлермен келгендерде физикалық қашықтықты сақтау және қажетті қорғау шараларын қамтамасыз ету ережелерін ұстанады.

5. Шығармашылық емтихан қабылдау үшін кіші топтарды қалыптастыру алфавиттік тәртіппен қазақ және орыс бөліміне түсушілерді 20 талапкерден аспайтын мөлшерде бөле отырып жүзеге асырылады.

6. Шығармашылық емтихандарды қабылдау ашық стадиондар мен спорт алаңдарында, спорт залдарында (алаңы 250 м² кем емес) жүзеге асырылады.

7. Талапкерлердің шығармашылық емтихан қабылдау орнына келуі емтихан басталғанға дейін кемінде 30-40 минут бұрын болуы тиіс.

8. Шығармашылық емтихан өткізудің жалпы ережелерін сәйкестендіру және түсіндіру үшін талапкерлер бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта алдын ала дайындалған сызылған таңбаға сапқа тұрғызылады.

9. Емтихан тапсыруға дайындық (қайта киіну) бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта арнайы белгісі бар орында өтеді.

10. Киінуге арналған орындарға кіру және шығу кезінде талапкерлер осы орында арнайы орнатылған санитайзерлердің көмегімен қолдарын өңдеу қажет.

Талапкерлерге қойылатын талаптар:

11. Әрбір талапкердің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы және емтиханда медициналық бетперде мен қолғапта болуы және белгіленген уақытта емтиханға қатаң келуі тиіс.

12. Сыртқы киіміне қойылатын талаптар: талапкер ыңғайлы спорттық киім мен спорттық аяқ киюге тиіс. Сондай-ақ су алыпкелуді ұсынылады.

13. 18 жасқа толған талапкерлер емтиханға жалғыз келеді, кәмелетке толмаған талапкерлер емтиханға бір қамқоршымен жіберіледі, бірақ емтихан қабылдау орнының аумағынан тыс жерде болуы тиіс.

Жалпы дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдау жөніндегі Нұсқаулық

14. Емтихан өткізу кезінде талапкерлер бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта арнайы сызылған таңбада орналасады.

15. Емтихан тапсыруға дайындық (қайта киіну) бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта арнайы белгісі бар орында өтеді.

16. Киінуге арналған орынға кіру және шығу кезінде талапкерлер осы орында арнайы орнатылған санитарзерлердің көмегімен қолды өңдеуі қажет.

17. Әр нормативті қабылдағаннан кейін комиссия мүшесі емтихан тапсырушының нәтижесін дауыстап атайды. Талапкерлерге емтихан алушыларға жақындауға қатаң тыйым салынады. Талапкер тарапынан сұрақтар туындаған жағдайда, қабылдау комиссиясының мүшелеріне 1,5-2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және тек қана кезекті нормативті қабылдағаннан кейін, комиссия мүшесіне және басқа талапкерлерге кедергі келтірмей сурауға болады.

Мамандандыру бойынша нормативтерді қабылдау жөніндегі Нұсқаулық:

18. Емтихан басталғанға дейін талапкерлер спорт түрлері бойынша бөлінеді, онда әр топта жауапты емтихан алушы 1,5 - 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, барлық санитарлық талаптар бойынша емтихан қабылдауды жүзеге асырады.

19. Киімді ауыстыруға дайындалуда және емтихан өткізу кезінде талапкерлер бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта арнайы сызылған таңбада орналасады.

20. Киінуге арналған орынға кіру және шығу кезінде талапкерлер осы орындарға арнайы орнатылған санитарзерлердің көмегімен қолдарын өңдеу қажет.

21. Әр нормативті қабылдағаннан кейін комиссия мүшесі емтихан тапсырушының нәтижесін дауыстап атайды. Талапкерлерге емтихан алушыға келуге қатаң тыйым салынады. Талапкер тарапынан сұрақтар туындаған жағдайда, қабылдау комиссиясының мүшелеріне 1,5-2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және тек қана кезекті нормативті қабылдағаннан кейін, комиссия мүшесіне және басқа талапкерлерге кедергі келтірмей сурауға болады.

22. Әрбір талапкерден кейін қолданылған құралдар комиссиясының мүшелері алдын ала дайындаған арнайы дезинфекциялау құралымен өңделеді.

Шығармашылық емтихан өткізу

23. Шығармашылық емтихандар оқуға түсушілердің шығармашылық бағыттағы мамандығын меңгеруге қабілетін анықтауға бағытталған.

24. Орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттары бар ББ В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» тобына түсетін тұлғалар шығармашылық дайындықты талап етеді және екі шығармашылық емтихан тапсырады.

25. ББ В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» тобына оқуға түсуші тұлғалар жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас Білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін бір шығармашылық емтихан тапсырады.

26. Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

27. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады. Нәтижелер туралы ақпараттар әрбір талапкерге жеке электронды поштаға жіберіледі.

28. Емтихан қабылдау комиссиясының төрағасы, ректор бекіткен ББ В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» тобы бойынша шығармашылық емтихан туралы ережеге сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық (арнайы) емтиханынан 5-тен төмен ұпай алған немесе шығармашылық емтиханына қатыспағандар аталған мамандық бойынша тестілеуге жіберілмейді. Шығармашылық емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

СПОРТТЫҚ КҮРЕС

Нормативтер	Нәтижелер	Ұпайлар
Түрегеліп тұрып күрес көпірін орындау. Күрестік «Көпірде» тұрып оң және сол жақпен жүгіру.	10	10
	9	9
	8	8
	7	7
	6	6
	5	5
	4	4
	3	3
	2	2
	5	5
Арнайы дайындалған жаттығуларды орындау. 1. Алдыға және артқа айналып түсу 2. Ауада айналып түсу 3. Арқамен алдыға айналып түсу 4. Өзін-өзі сақтандыру 5. Қосарланып сақтану	4	4
	3	3
	2	2
	5	5
Түрегеп тұрып өзінің ең жақсы көретін 5 тәсілін орындау	4	4
	3	3
	2	2
	5	5

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жаттығулар	Ерлер		Әйелдер	
	Нәтиже	Ұпай	Нәтиже	Ұпай
1500 м. (ерлер, минут) 800 м. (қыздар, минут)	4.50,0	10	2.55,0	10
	4.55,0	9	3.00,0	9
	5.00,0	8	3.05,0	8
	5.05,0	7	3.10,0	7
	5.10,0	6	3.15,0	6
	5.15,0	5	3.20,0	5
	5.20,0	4	3.25,0	4
	5.25,0	3	3.30,0	3
	5.30,0	2	3.35,0	2
Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (метр)	5.40	5	4.50	5
	5.35	4	4.45	4
	5.30	3	4.40	3
	5.25	2	4.35	2
Ядро лақтыру (метр) Ерлер – 6 кг. Әйелдер – 3 кг.	11,00	5	10 м.	5
	10,50	4	9,80	4
	10,80	3	9,60	3
	10,60	2	9,40	2

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

БАСКЕТБОЛ

Жаттығулар	Ерлер		Әйелдер	
	Нәтиже	Ұпай	Нәтиже	Ұпай
Допты беру жаттығуы. 30 секунд ішінде допты жылдамдықта беру және қағып алу, ара қашықтығы 2-3 метр (қабырға арқылы допты кеуде тұсынан беру саны).	26	10	24	10
	25	9	23	9
	24	8	22	8
	23	7	21	7
	22	6	20	6
	21	5	19	5
	20	4	18	4
	19	3	17	3
	18	2	16	2
Айып добын лақтыру аймағында допты екі жақтан алып жүріп себетке лақтыру (секунд)	11,0	5	12,0	5
	11,1	4	12,1	4
	11,3	3	12,3	3
	11,4	2	12,4	2
	11,5	1	12,5	1
Айып добын лақтыру (10 рет лақтырғанда нешеуі түсті)	5	5	5	5
	4	4	4	4
	3	3	3	3
	2	2	2	2

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

ВОЛЕЙБОЛ

Жаттығулар	Ерлер		Әйелдер	
	Нәтиже	Ұпай	Нәтиже	Ұпай
Кез-келген тәсілмен допты көтеру (допты 15 рет бергендегі доптың алаңға түсу саны)	5	10	5	10
	4	9	4	9
	3	8	3	8
	2	7	2	7
	1	6	1	6
6-7 метр ара қашықтықта екі қолмен допты жоғары жақпен беру (допты үзіліссіз беру саны)	15	5	10	5
	14	4	9	4
	13	3	8	3
	12	2	7	2
Допты өзінен жоғары 2 метр биіктікке беру, 3 м диаметрдің ішінде (допты беру саны)	15	5	15	5
	14	4	14	4
	13	3	13	3
	12	2	12	2

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

ФУТБОЛ

Жаттығулар	Ерлер		Әйелдер	
	Нәтиже	Ұпай	Нәтиже	Ұпай
Орнында тұрып допты қашықтыққа тебу (метр)	70	10		
	69	8		
	68	6		
	67	4		
	66	2		
Қақпаға 16 метр қашықтықтан дәлдікпен тебу (ұпай санымен бағалау).	10	5		
	9	4		
	8	3		
	7	2		
Допты баспен, тіземен, аяқпен теуіп өнерін көрсету. (Саны)	30	5		
	25	4		
	20	3		
	10	2		

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

БОКС

Нормативтер	Нәтижелер	Ұпайлар
Жүгіру – 30 м. (секунд)	4,0	5
	4,1	4
	4,2	3
	4,3	2
12 минут Жүгіру (метр)	3200 м	10
	3190 м	8
	3180 м	6
	3170 м	4
	3160 м	2
Спорттық құрылғыларда жұмыс істеу. Алыс, орта, жақын ара қашықтықта. Басқа және кеудеге берген тура соққы техникасын бағалау. Соққы техникасын бағалау.	5	5
	4	4
	3	3
	2	2

Шығармашылық мамандану бойынша (арнайы) емтихан

ГИМНАСТИКА

Жаттығулар	Ерлер		Әйелдер	
	Нәтиже	Ұпай	Нәтиже	Ұпай
1	2	3	4	5
Жоғары старттан жүгіру – 20 м. (секунд)	3,9	5	4,1	5
	4,0	4	4,2	4
	4,1	3	4,3	3
	4,2	2	4,4	2
120 см. биіктіктегі ағаш аттан қолды тіреп секіру. (ерлер үшін, ұпай) 115 см. биіктіктегі ортекеден секіру (әйелдер үшін, ұпай)	10,0	5	10,0	5
	9,9	4	9,9	4
	9,8	3	9,8	3
	9,7	2	9,7	2
Акробатика (ұпай) (Қолды тіреп алғашқы қалыпқа түсу, алдыға айналып түсу, тепе-теңдік сақтау, секіріп алдыға айналып түсу, баспен тұру, негізгі қалыптан жанына қарай айналу, алғашқы қалып)	9,9-10,0	10	9,9-10,0	10
	9,7-9,8	8	9,7-9,8	8
	9,5-9,6	6	9,5-9,6	6
	9,1-9,4	4	9,1-9,4	4
	8,6-9,0	2	8,6-9,0	2


1.4 Шығармашылық емтиханнан 5 бал не одан төмен жинаған оқуға түсушілер В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға жіберілмейді. Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

Пәндік комиссиясының төрағасы:



Е.Утегенов

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:**



Г.Кыдырбаева